



ШЕШІМ

29.03.2018 № 244/30-VI

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

город Астана

**«Астана қаласы азаматтарының
жекелеген санаттарына қалалық
бағдарлардың жолаушылар көлігінде
жол жүргүре төлем төлеуден босату
түрінде әлеуметтік көмек көрсету
тәртібі туралы» Астана қаласы
мәслихатының 2017 жылғы
20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Астана қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 20 18 жылғы «18
сәуір» Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1169
болып енгізілді

Бланк сериялық номеріз жаралмасыз
Бланк без серийного номера не действителен

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Занының 16-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заны 8-бабының 3-тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. «Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүргүре төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1124 болып тіркелген, 2017 жылғы 19 тамыздағы «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүргүре төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібіндегі:

2-тармақтағы «Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» деген сөздер «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «Астана қаласының жолаушылар көлігі басқармасы» деген сөздер «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әлеуметтік көмекті көрсету үшін қажет болған жағдайда, сондай-ақ тоқсан сайын бір рет:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлық қоғамының Астана қаласы бойынша филиалы – «Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы» департаментімен – Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтар туралы;

әкімшімен – 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап көп балалы отбасылар бойынша мәліметтер (электрондық және қағаз жеткізгіштерде) Басқармaga ұсынылады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Әлеуметтік көмек азаматтардың мына санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға;

2) жасы бойынша және еңбек сінірген жылдары бойынша зейнеткерлерге, сонымен қатар жасына байланысты және зейнеткерлік жасқа жеткен асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға;

3) көп балалы аналарға;

4) көп балалы отбасыларға;

5) мүгедектерге;

6) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға, оның ішінде ата-анасының (занды өкілдерінің) біреуіне ұсынылады.».


2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрайымы**

**Астана қаласы
мәслихатының хатшысы**

R. Өмірбаева

Ж. Нұрпейісов



R. Omirbaeva

J. Nurbaysov

H. Saryntsev